Сабақтың тақырыбы: **«Дүкенде»**

Білімділік: «Дүкендер» тақырыбы бойынша алған білімдерін пысықтау, алдынғы сабақтарда меңгерген сөздерді әр түрлі жағдайда қолдана білуге үйрету.
Дамытушылық: оқушылардың ой өрісін,дүниетанымын,ойлау,есте сақтау
қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту және ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту.
Тәрбиелік: нанды қастерлеуге,жерге тастамауға, адамдардың еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: ойын сабақ
Сабақтың әдісі: сөйлету, көрсету, үйрету.
Көрнекілігі: слайдтар, кеспелер
Сабақтың барысы:
Ұйымдастыру кезеңі:
Сәлемдесу.
Біз бір бірімізге, бүгінгі күнге және бізге келген қонақтарға өте қуаныштымыз!

Жақсы оқып сабақты,
Әдеп сақтау сәніміз.
Сәлем бердік сіздерге,
Басты иіп бәріміз.

Күнделікті сұрақ қою.
Мұғалімнің сөзі:
Енді,балалар,барлығымыз тақтаға назар аударайық.Слайдта ребус берілген. Сол ребусты шешейік.Сонда біздің бүгінгі тақырыбымыздың аты шығады.

Қандай сөз шықты?
Дұрыс, балалар,бүгінгі сабақтың тақырыбы «Дүкенде» деген тақырып.Біз бүгін «Мен дүкенге барамын» модуль бойынша алған білімдерімізді қайтала отырып, бекітеміз.
Үй тапсырмасын тексеру.
Қалада қандай дүкендер бар? /слайд/

Сендерге қандай дүкендер ұнайды?/слайд/



Тағы ұнайтын дүкендер туралы кім айтады?
Мұғалімнің сөзі: Азық-түлік дүкенінде әр түрлі азық–түлік сатылады: ет тағамдары, сүт тағамдары жемістер-көкөністер сатылады. Ал,ең басты тағам қандай? Дұрыс, балалар, ең басты тағам–нан. «Ас атасы – нан» деген мақал бар.Нанды шашуға,тастауға,басуға болмайды.Нанда көп қасиет бар.Нанда мыңдаған адамдардың еңбегі,төккен маңдай тері бар.
Нан туралы біз көп өлең білеміз.Кім айтқысы келедіі?

Өлең айту.

Жарайсыңдар, балалар! Сабағымызды топпен жалғастырамыз.
Сендердің жауаптарың бүгін фишкалармен бағаланады. Топ атауын білу үшін алдарыңдағы жатқан қиықтардан сөз құрастырып, топ атауын шығарасыңдар.

Топпен жұмыс

1топ - Жұлдыздар
2 топ - Тапқырлар
3 топ - Батырлар.

Топ атаулары белгілі ,сондықтан. 1-ші тапсырманы орындаймыз.

1- тапсырма Диалог құру.

- *Әр топ өз тақырыбы бойынша диалог құрастырады.Диалогті айтқанда ролге бөлініп айтасыңдар.*

1топ - Киім дүкенінде
2топ - Азық-түлік дүкенінде
3 топ - Ойыншық дүкенінде
Балалар қай дүкенге барды?
Олар не сатып алды?
Сатушыға не төледі ?
Киім дүкенінде не сатылады?Ойыншық дүкенінде не сатылады ?

- *Құ*рылған диалогтар күнделіктегі өмірімізде өте қажет,себебі, сендер күнде дүкенге барып керекті заттарыңды сатып аласыңдар.Сендер дүкенге барғанда қандай сөздерді қолданасыңдар ?

Енді сендер сатушымен қазақша сөйлей аласыздар, Жарайсыңдар, балалар ! Рахмет!

2 - тапсырма

Мақалды жалғастыр /ойын/

- Сендердің алдарыңда қиықшыларда мақалдың сөздері жатыр,сөздер бәрі аралас.Сендер мақалдың басын тауып, аяғын жалғастырасыңдар.

Мақалды **оқып ,орыс тіліне аударасыңдар.**

1 Ас –аасы ..
2 – Нан болса...
3 – Адамнан үлкен ат жоқ –.....

3 - тапсырма «Адасқан сөзді тап»

Сөйлемдерді түзетіп,адасқан сөзді тауып,дұрыс нұсқасын жазасыңдар. Осы сөйлемдерде қандай сөз сәйкес келмейді.

1 топ – Ет дүкенінде сүт сатылады.Болат 1 кг айран сатып алды.
2 топ – Мен киім дүкенінен дәптер сатып алдым.Біз бүгін көкөніс дүкенінен кәмпит сатып алдық.
3 топ – Мен аяқ-киім дүкенінен тон сатып алдым.Ойыншық дүкенінде май сатылады.

Сергіту сәті

Біз тұрдық,біз тұрдық
Оңға,солға бас бұрдық.
Екі жаққа қол созып,
Орында тұрып біз жүрдік.
Енді отырып қарайық,
Қолға қалам алайық

Балалар,қаламдарымызды алып,жұмысқа кіресейік.

4 - тапсырма

1 - топ **НЕ ?** деген сұраққа жауап беретін заттардың атауларын жазады.

2 - топ Мына заттар бойынша қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді жазады.

3 – топ Не істейсің? деген сұраққа жауап беретін сөздерді жазады.

5 – тапсырма
Фонетикалық талдау
1 - топ - нан
2 – топ - сүт
3 - топ - дүкен
Мұғалімнің сөзі: Балалар, қазақ халқы қонақжай халық.Қонақты қарсы алу,оларды күту,қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі.Біздің еліміздің мемлекеттік мерекелері бар.Алдымызда қандай мереке болады? Мерекелі күнде бізге көп қонақтар келеді.Біз оларды қарсы аламыз,дастарқан жаямыз.Дастарқанға не қоямыз? Қандай тағамдарды қоямыз?

Қонақтарға не тілейміз?
Балалар, жұмыстарымызды аяқтап келе жатырмыз,Барлық тапсырмаларды орындадық.Қазір әр топ жинаған фишкаларды санайды.Ең көп фишка жинаған топ жеңімпаз болады.
Қорытындылау.
Бүгінгі алған білімдерің күнделікті өмірлеріңде көмек болады.
Дүкенге барғанда сендер қазақша сөйлей аласыңдар.
Сондықтан, осы модулде алған білімдерің сендерге өте қажетті .
Үй тапсырмасы: мынандай болады:
Мен сендерге 3 деңгейлік тапсырманы әзірлеп әкелдім:
1.Қала дүкендері туралы шағын әңгіме жазу.
2.Мәтін бойынша сұрақ жауап жазу.
3.Мәтінді оқу, аудару.